# Жыр жазамын сыйынып, “қара өлеңмен”.

*Тұмартай Дінтайұлымен кездесу кеші*



**Дінтайұлы Тұмартай** – ақын, педагог. 1961 жылы 10 қарашада Созақ ауданы, Аққолтық ауылында дүниеге келген. Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепті 1978 жылы бітірген. Білімі – жоғары. ХҚТУ-дың тарих – филология факультетінде білім алған. Санаты – “педагог-шебер”.

**Педагогикалық және шығармашылық қызметті қатар алып жүрген ұстаз.**

- *Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі;*
- *Қ.Р. Журналистер Одағының мүшесі;*
- *"Созақ үні" газетінің штаттан тыс тілшісі;*
- *"Облыстың үздік мұғалімі" төсбелгісінің иегері;*
- *"Білім беру ісінің үздігі" медалінің иегері;*
- *"Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер" төсбелгісінің иегері;*
- *"Ы.Алтынсарин" медалінің иегері;*
- *Қазақстан Жазушылар одағы XV құрылтайының делегаты.*



# Тырнақалды ең алғашқы туынды



КӨКЕК —

КӨКТЕМ АЙЫ

КЕЛІСТІ

көріністер

Нұр көктемнің самал желі еседі,
Кетті ызғары қатты қыстың кешегі,
Сай-салалар суға толып, сарқырап,
Ақша бұлттар көк аспанда көшеді.

Құстар келді жылы жақтан жар салып,
Ал, балалар жүр оларды қарсы алып.
Бүршік атқан ағаштардың басында,
Ұялар да пайда болды қаншалық...

Т. ӘБДИЕВ,

Ш. Уәлиханов атындағы орта мектептің оқушысы.

"Молшылық үшін" аудандық газеті
1974 жыл 15 наурыз

# Ақынның топтама туындылары Республикалық “Қазақ әдебиеті”, “Ана тілі” газеттері мен “Жалын”, “Қазақ ұстазы” Республикалық журналында жарияланған.



„Қазақ әдебиеті" газеті №6

8

15.11.2013

## Өмірді өлеңменен өрнектедім...

Тұмартай ДІНТАЙҰЛЫ

Өлең менің теңім бе, өлең менің,
Өмірде неге оған көгендедім?
Жер жапырағым жаймасам да,
Бір күні мол мәуесін төгер дедім.

Өлеңге мен байланыппын, байланыппын,
Өлең — маған, мен — өлеңге айналыппын.
Себебі, жаны нәзік перзентімін
Қазақ деген өлеңге бай халықтың.

### АЛАУ СЕЗІМ

Алапат алау сезім лапылдаған,
Алыс кетіп, бір мезет жақындаған.
Бірде от боп күйдіріп, енді бірде
Сананда сары аяз боп сақылдаған.

Алапат алау сезім ерітkendей,
Күрт көбейіп, күрт кейде кемітердей.
Бірде өзіне ынтық қып, енді бірде
Жанымнан тура безіп жерітердей.

Алапат алау сезім ұшқын атқан,
Жазды ұмытып, ал кейде қысты ұнатқан.
Түк таппай түңілдіріп, енді бірде
Ерікsіз фақанды ысқылатқан.

Алапат алау сезім — тасқын дерсің,
Беталды безетұғын қашқын дерсің.
Жалына қол тигізбей, енді бірде
Амалсыз жуасиды бас білгесін.

Алапат алау сезім, алау сезім,
Өзіңді мұңдасыма балаушы едім.
Оқта-текте айналып соғады-ау деп,
Жалыңа қарайлайтын жолаушы едім!

### ӨЛЕҢІМ

Өлеңді мен ешкімнен сұраған жоқ,
Ойлаймын Тәңір берген сыбағам деп.
Жүре аламын сөйлемей ұзақты күн,
Айта алман жыр жазбай тұра алам деп.

Өлең жаз деп біреу мені қыстаған жоқ,
Қаламды да сән үшін ұстағам жоқ.
Кескілеп турайтұғын қылыш емес,
Айтамын қиып түсер ұстарам деп.

Өлеңді жаз деп маған бұйырған жоқ,
Айта алам көктен келіп құйылған деп.
Жаныңнан қанша іздесең таба алмайсың,
Байқатпай шыға келер қиырдан деп.

Өлең жаз деп ешкім де алдаған жоқ,
Бұл не деп өз-өзімнен таңданам көп.
Іштегі ой сыртқа шығу парыз шығар,
Тілегім — кетпесе екен жарнамам боп.

Өлең жаз деп жүрегім де айта алмайды,
Шабыттың сәті ешқашан байқалмайды.
Әр шумақ уақытында көгермесе,
Жырыңның жапырағы жайқалмайды!

### АҚЫНДЫҚ

Ақынның мықтылығы сөздерінде,
Қоғамның қайшылығын сезгенінде.
Ал енді қайсыбірі ода жазып,
Мақтауды асырғанын көз көруде.
Өйткені түлкі сынды мына заман,
Күн сайын мың құбылып өзгеруде.

### АҚЫНДАР КӨП...

Өлең деген киенің, қасиеттің,
Бұл заманда аз-аздан бәсі кетті.
Ақын түгіл өлеңші бола алмас,
Көп надан шын ақынды басып өтті.

«Жазғыштар» ақынмын деп ісініп жүр,
Өлеңді шала-пұла пісіріп жүр.
Поэзия дегенің — жұмбақ әлем,
Әлгілер онда нені түсініп жүр?









# Тұмартай Дінтайұлы бес кітаптың авторы.













Тұмартай Дінтайұлы
Көңіл иірімдері
Құлыншақ Кемелұлы
Шығармалары
Тұмартай Дінтайұлы
Жырларым – жан сырым
Тұмартай Дінтайұлы
ДАТ
№5(65)2019 Астана Мақсат
Қазақ ұстазы
Республикалық журнал
Тұмартай Дінтайұлы
Шығармалар жинағы
Алматы
2017
Тұмартай Дінтайұлы
175
Құлыншақ баба ізімен...
Өмірді өлеңмен өрнектейін...

Тұмартай Дінтайұлы – бірнеше жыр мүшайраларының жеңімпазы. “Созақ энциклопедиясына” есімі жазылған.

Қазіргі таңда Аққолтық ауылында Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.









*Алматы. Абай атындағы республикалық олимпиада 1 орын , наурыз – 2019 ж.*




*Облыстық тамыз мәслихатында “Алтынсарин” медалін тапсыру сәті. Тамыз-2019ж.*




*Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұрат Әуезовпен бірге.*

*Қыркүйек-2019 ж.*

# Абайтанушы ғалым Жабал Шойынбетпен мектеп мұражайында.



5 – сынып оқушылары “Абайтану” сабағында ғалым, Абайтанушы Жабал Шойынбетпен бірге.



# Ақынның шәкірттері – республика жеңімпаздары







**1999 ж. шәкірт, бүгінгі ғылым докторы Айдос Мақұлбеков пен биылғы түлектер Ақтілекпен Мәдина.**


Ел тірегі -Елбасы
ГРАМОТА
Алғыс хат
СЕРТИФИКАТ
ДИПЛОМ
ДИПЛОМ
Алғыс хат
Сертификат
АЛҒЫС ХАТ
АЛҒЫС ХАТ
ДИПЛОМ
II-ОРЫН
REDMI NOTE 6 PRO
MI DUAL CAMERA

# ЖЫР ЖАЗАМЫН СЫЙЫНЫП «ҚАРА ӨЛЕҢМЕН»

